ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫСЫ

17 маусым 2015 жыл

Қарағанды қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 33/01

город Караганда

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
Нормативтік құқықтық акт 2015 жылғы "13" 07 нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3344 болып енгізілді

**Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына сәйкес Қарағанды облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасы бекітілсін.

2. «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шаралар қолдансын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Облыс әкімі** **Н. Әбдібеков**

003903

"ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ... БАСҚАРМАСЫ" ММ

Қарағанды облысы
әкімдігінің
«17» маусым 2015 жылғы
№ 33/01 қаулысымен
бекітілген

# Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс қағидасы

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің (бұдан әрі – Психологиялық қызмет) жұмысын реттейді.

2. Психологиялық қызметтің жұмысы 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасы Конституциясының, Бала құқықтары туралы конвенцияның, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының және осы Қағидалардың аясында жүзеге асырылады.

3. Психологиялық қызметтің құрылымы білім беру ұйымының типі, түрі және қажеттіліктері, педагог-психологтердің штаттық бірлік санына қарай айқындалады. Педагог – психолог өз қызметінде осы Қағидаларды басшылыққа алады және өзінің кәсіби құзіреттілігі шеңберінде шешімдерді қабылдайды.

4. Психологиялық қызметтің жұмысын ұйымдастыруды және бақылауды білім беру ұйымның басшысы қамтамасыз етеді.

5. Жүйелі тәсілді талап ететін әлеуметтік–психологиялық сүйемелдеу мәселелерін шешу үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум ұйымдастырылады.

6. Психологиялық қызмет жеке үй-жай берілетін, білім алушылармен, ата-аналармен, педагог қызметкерлермен топтық және жеке форматта әлеуметтік-психологиялық консультациялар, диагностика, коррекциялық-дамытушы және алдын алу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілген педагог-психолог кабинетінің негізінде жұмыс істейді.

7. Лауазымдық жалақы, еңбек демалысының ұзақтығы «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысына сәйкес белгіленеді.

## 2. Орта білім беру ұйымдарындағы Психологиялық қызметтің мақсаты мен міндеттері

8. Психологиялық қызметтің мақсаты – білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-

психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

9. Міндеттері:

1) оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың рухани-адамгершілік, тұлғалық және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, олардың өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, оң дүниетанымын және қазіргі заманғы қоғамда әлеуметтенуі үшін жағдайлар жасау;

2) білім алушыларда бейәлеуметтік және аутодеструктивті жүріс-тұрыстық өзгерістердің алдын алу, анықтау және әлеуметтік-психологиялық коррекциялау;

3) педагогтерге әлеуметтік–психологиялық диагностика негізінде білім алушылармен жеке жұмыс жасаудың тәсілін ұйымдастыру процесінде көмек көрсету;

4) білім беру процесі субьектілерінің психологиялық-педагогикалық құзіреттіліктерін арттыру.

## 3. Психологиялық қызмет жұмысының негізгі бағыттары және мазмұны

10. Психологиялық қызмет өз жұмысын келесі бағыттар бойынша жүзеге асырады: ағарту–алдын алу, психодиагностикалық, консультациялық, коррекциялық-дамытушы, әлеуметтік-диспетчерлік. Барлық бағыттар бойынша жұмыс топтық және жеке форматта жүргізіледі.

11. Басым бағыттарды таңдау, олардың сәйкестендірілуі білім беру ұйымының типі, түрі және қажеттіліктеріне қарай айқындалады.

12. Психологиялық қызмет білім алушыларға әлеуметтік–психологиялық көмек көрсетеді, мамандандырылған көмекті басқа ұйымдардың мамандары көрсетеді.

13. Әлеуметтік–диспетчерлік бағыт Психологиялық қызмет мамандарының кәсіби құзіреттілігі шеңберінен асатын және мамандардың (дәрігерлер, психотерапевтер, қамқорлыққа алу және қорғаншылық бөлімінің, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиясының мамандары, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлар) қатысуын талап ететін проблемалардың шешімін қамтамасыз етеді.

14. Педагог-психолог:

1) жалпы психология, педагогикалық психология және жалпы педагогика, жеке тұлға психологиясы, балалар және жас ересектер психологиясы, әлеуметтік психология, медициналық психология салаларында білімді болуы;

2) диагностикалық, дамытушы, әлеуметтік-психологиялық, коррекциялық, консультативтік–алдын алу жұмыстарында ғылыми негізделген

әдістерді қолдануы және нәтижелердің дәйектілігін, ұсынымдар мен қорытындылардың негізді болуын қамтамасыз ету;

3) кәсіби психологиялық әдепті сақтауы және ақпаратпен қамтамасыз ету;

4) оқытудың барлық кезеңінде білім алушылардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін диагностикалауды жүзеге асыруы;

5) өткізілетін диагностикалық зерттеулер материалдары бойынша психологиялық-педагогикалық қорытындылар мен ұсынымды жасауы;

6) білім алушыларға, ата-аналарға, педагогтарға психологиялық көмек және қолдау көрсетуі;

7) күйзеліс жағдайындағы білім алушыларға және педагогтерге психологиялық көмек көрсетуді жүзеге асыруы;

8) білім беру ұйымының ішіндегі қақтығыстық жағдайларды шешуде делдалдық жұмыстарды ұйымдастыру;

9) коррекциялық–дамытушы бағдарламалар әзірлеу және білім алушылармен, ата-аналармен коррекциялық–дамытушы сабақтар жүргізуі;

10) оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша құжаттармен, білім алушылардың, педагогтердің жеке істерімен танысуы;

11) оқыту семинарлары, тренингтер, шеберлік сағаттары, конференциялар және басқа да іс-шараларға қатысу арқылы өзінің кәсіби құзіреттілігін және біліктілігін арттыруы;

12) Психологиялық қызметтің жұмысын жақсарту мәселелері бойынша білім беру органдарына ұсыныстар енгізуі қажет.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

**АКИМАТ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

**ҚАУЛЫСЫ** / **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

17 июня 2015 года № 33/01

Қарағанды қаласы / город Караганда

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
Нормативтік құқықтық акт 2015 жылғы «23» 07 нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3347 болып енгізілді

**Об утверждении правил деятельности психологической службы в организациях среднего образования**

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 27 июля 2007 года «Об образовании» акимат Карагандинской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ**:

1. Утвердить прилагаемые правила деятельности психологической службы в организациях среднего образования.
2. Государственному учреждению «Управление образования Карагандинской области» принять меры, вытекающие из настоящего постановления.
3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима области.
4. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Аким области** **Н. Абдибеков**

003822

Утверждены
постановлением акимата
Карагандинской области
от «17» июня 2015 года
№ 33/01

# Правила деятельности психологической службы в организациях среднего образования

## 1. Общие положения

1. Настоящие Правила регулируют деятельность Психологической службы в организациях среднего образования (далее - Психологическая служба).
2. Деятельность Психологической службыосновывается наКонституции Республики Казахстан от 30 августа 1995 года, ЗаконеРеспублики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года, Конвенции о правах ребенка и настоящих Правилах.
3. Структура Психологической службы определяется типом, видом и потребностями организации образования, количеством штатных единиц педагогов-психологов.Педагог-психолог руководствуется в своей деятельности настоящими Правилами и принимает решения в рамках своей профессиональной компетенции.
4. Организацию и контроль деятельности Психологической службы обеспечивает руководитель организации образования.
5. Для решения вопросов социально-психологического сопровождения, требующих системного подхода организуют психолого-медико-педагогические консилиумы.
6. Психологическая служба функционирует на базе кабинета педагога-психолога, для которого отводится отдельное помещение, обеспеченное необходимыми условиями для проведения социально-психологических консультаций, диагностики, коррекционно-развивающих и профилактических занятий с обучающимися, родителями и педагогическими работниками в групповом и индивидуальном формате.
7. Должностной оклад, продолжительность трудового отпуска устанавливается в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 января 2008 года за № 77 «Об утверждении Типовых штатов работников государственных организаций образования и перечня должностей педагогических работников и приравненных к ним лиц».

## 2. Цели и задачи Психологической службы ворганизациях среднего образования

8. Цель Психологической службы – сохранение психологического здоровья обучающихся, создание благоприятного социально-психологического климата в организации образования и оказание психологической поддержки участникам образовательного процесса.

9. Задачи:

1) содействие личностному и интеллектуальному развитию участников образовательного процесса, создание условий для саморазвития, самовоспитания, позитивного отношения к миру, и социализации в современном обществе;

2) профилактика, выявление и социально-психологическая коррекция асоциальных и аутодеструктивных поведенческих проявлений обучающихся;

3) оказание помощи педагогам в процессе организации индивидуального подхода к обучающимся на основе социально-психологической диагностики;

4) повышение психолого-педагогической компетентности субъектов образовательного процесса.

## 3. Основные направления и содержание деятельности Психологической службы

10. Психологическая служба осуществляет свою деятельность по следующим направлениям: просветительско-профилактическое, психодиагностическое, консультативное, коррекционно-развивающее, социально-диспетчерское. По всем направлениям работа ведется в групповом и индивидуальном формате.

11. Выбор приоритетных направлений, их соотношение, определяются типом, видом и потребностями организации образования.

12. Психологическая служба оказывает первичную социально-психологическую помощь обучающимся, специализированная помощь оказывается специалистами других организаций.

13. Социально-диспетчерское направление обеспечивает решение проблем, выходящих за рамки профессиональной компетенции специалистов Психологической службы и требующих участия специалистов (врачей, психотерапевтов, специалистов отдела опеки и попечительства, комиссии по делам несовершеннолетних, инспекторов по делам несовершеннолетних)

14. Педагогу-психологу необходимо:

1) обладать знаниями в области общей психологии, педагогической психологии и общей педагогике, психологии личности, детской и возрастной психологии, социальной психологии, медицинской психологии;

2) применять научно-обоснованные методы диагностической, развивающей, социально-психологической, коррекционной, консультативно-профилактической работы и обеспечить достоверность результатов, рекомендаций и заключений;

3) соблюдать профессиональную психологическую этику и обеспечить

конфиденциальность информации;

4) осуществлять диагностику индивидуально-психологических особенностей обучающихся на протяжении всего периода обучения;

5) составлять психолого-педагогические заключения и рекомендации по материалам проводимых диагностических исследований;

6) оказывать психологическую помощь и поддержку обучающимся, педагогам и родителям;

7) осуществлять психологическую помощь обучающимся и педагогам, находящимся в состоянии стресса;

8) проводить посреднические работы в разрешении конфликтных ситуаций внутри организации образования;

9) разрабатывать коррекционно-развивающие программы и проводить коррекционно-развивающие занятия с обучающимися, родителями;

10) знакомиться с документами по организации учебно-воспитательного процесса, личными делами обучающихся и педагогов;

11) повышать свою профессиональную компетентность и квалификацию, посредствам участия в обучающих семинарах, тренингах, мастер-классах конференциях, и других мероприятиях;

12) вносить предложения в органы образования по вопросам улучшения работы Психологической службы.